ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 10 қазан №2301-23-00-2/1484 іс Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья А.Р.Балмуханованың төрағалық етуімен,
сот отырысының хатшысы А.Кубашева болып, ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Атырау облысы Білім беру басқармасының Жылыой ауданы білім бөлімінің «№9 жалпы орта білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Сәдуов» басшысы Сәдуов Ғалым Асхатұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. 1840 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Прокурор М.Кыстаубаева
Талап қоюшы өкілі А.Кісенбайқызы
Жауапкер Ғ.А.Сәдуов

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

2023 жылғы 23 қаңтардағы мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде тараптар арасында көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы №19 шарт 2023 жылғы 23 қаңтарда жасақталған (бұдан әрі – Шарт).

Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын 1-қосымшасына сәйкес, жауапкер тапсырыс берушіге бейнебақылау жабдықтарына техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтерді орындауға міндеттенген.

Шарттың сомасы – 120 000 теңге, орындау мерзімі – Шартқа қол қойылған күннен бастап 20 күнтізбелік күн ішінде болып белгіленген.

Талап қоюшы сотқа талабын жолдап, жауапкермен шарттың міндеттемелері орындалмағанын көрсетіп, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танып, 2023 жылғы 01маусым мен

23маусымаралығындағы 23 күнге шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінен есептелген 1840 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған.

Талап қоюшы өкілі сот отырысында талапты қуаттап, жауапкермен шарттық міндеттеме ағымдағы жылдың мамыр айынан бастап орындалмауына және жауапкердің қызмет көрсетуден бас тартуына байланысты оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танып, 1840 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұрады.

Талап қою арызына жауапкермен қарсы пікір ұсынылмады.

Сот отырысында жауапкер Ғ.А.Сәдуов талапты мойындап, міндеттемені орындаудан бас тартқанын жоққа шығармай, басқа міндеттемелер бойынша мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізілгенін, талаптың қанағаттандырылуына қарсылығы жоқ екенін көрсетті.

Прокурор М.Кыстаубаева берген қорытындысында талаптың толықтай қанағаттандырылуға жататынын көрсетті.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№1 талабы бойынша, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал, АК-нің 272-бабының талабына сәйкес: міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміөздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Сот отырысында анықталғандай, жауапкермен шарттың міндеттемелері бүгінгі күнге дейін толық көлемінде орындамаған, яғни талап қоюшы шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылған.

Жауапкер қызмет көрсетуден бас тартқанын, соған сәйкес шарттық міндеттеменің орындалмағанын жоққа шығармады.

Бұл жағдайда талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы негізді деп танылып, талап қанағаттандырылуға жатады.

Жауапкерден Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 117-бабының талабына сәйкес, мемлекет кірісіне 1725 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

Құжатқа қол қойылған: Балмуханова А. Р., 17.10.2023

Заңды күшіне енген күні: 20.11.2023, судья Балмуханова А. Р., 21.11.2023

№2 талабы бойынша, АК-нің 293-бабына сәйкес, борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Шарттың 7.3. тармағына сәйкес, тапсырыс беруші өнім берушіден өз міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіріп алады.

Осы нормаға сүйеніп, талап қоюшы сотқа табысталған есепке сай жауапкерден міндеттеме орындалмаған 23 күнге есептелген 1840 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған.

Сот, талап қоюшының есебін тексеріп, оның дұрыс жасалғандығын айқындады.

Бұл жағдайда, талап қоюшының пайдасына жауапкерден 1840 теңге тұрақсыздық айыбы сомасын өндіру туралы талаптың бөлігі қанағаттандырылуға жатады.

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 55 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 117, 223-226,229-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Атырау облысы Білім беру басқармасының Жылыой ауданы білім бөлімінің «№9 жалпы орта білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жеке кәсіпкер «Сәдуов» басшысы Сәдуов Ғалым Асхатұлын мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, 1840 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Сәдуов» басшысы Сәдуов Ғалым Асхатұлымемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Сәдуов» басшысы Сәдуов Ғалым Асхатұлынан мемлекет кірісіне1840 (бір мың сегіз жүз қырық) теңге тұрақсыздық айыбы, 1780 (бір мың жеті жүз сексен) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар

Құжатқа қол қойылған: Балмуханова А. Р., 17.10.2023

Заңды күшіне енген күні: 20.11.2023, судья Балмуханова А. Р., 21.11.2023

өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья А.Р.Балмуханова

Құжатқа қол қойылған: Балмуханова А. Р., 17.10.2023

Заңды күшіне енген күні: 20.11.2023, судья Балмуханова А. Р., 21.11.2023

2301-23-3-1/1691